


Кітап көрмесі:

**"Біз әр түрлі-бұл біздің
байлығымыз,
біз біргеміз-
бұл біздің күшіміз»**


Қазақстан халықтары [мәтін]: энцикл. анықтамалық/құраст. Г. Анес [және басқалар]. - Алматы: Арыс, 2003. - 350 бет.




Бұл анықтамалықта
Қазақстанның 125 этносы
туралы мәлімет жиналған.
Кітап елімізде өмір сүріп
жатқан халықтар саны,
туған тілі, діні, мәдениеті,
ұлттық дәстүрлері, киімі
және тағамдары туралы
қысқа очерктерден тұрады.

Кабульдинов З. Е. Қазақстан халқы: тарих пен осы заман [мәтін]: жалпы білім беру мектептерінің оқушыларына арналған оқу құралы. - Астана: Арман-ПВ, 2012. - 200 бет.

Оқу құралында Қазақстан аумағындағы кейбір халықтардың дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениетінің қысқа тарихы мен сипаттамасы берілген. Қазақстандық диаспораларының қазіргі өмірімен таныса аласыз. Басылым —«Оқушы кітапханасы» топтамасы томдарының бірі.



Дымов О. Біз, Қазақстан халқы... [мәтін] = We are the people of Kazakhstan... / - Астана: Дизайн-бюро Проксима, 2004. - 632 бет.




Белгілі саясаттанушы, публицист, поэт, Қазақстан халықтары Ассамблея Кеңесінің мүшесі Олег Григорьевич Дымовтың кітабында мемлекетімізде өткізіліп жатқан ұлттық саясаттың өзекті проблемалары көрсетіліп, бірқатар диаспорасының тарихи-этнографиялық шолуы жасалған.


Кшибеков, Д. Ұлттық идея. Этностық сезімнен идеологияға дейін [мәтін]
/ - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 340 бет.

Ұлттық идея ұлттық өз-санасы негізінде пайда болады: адам өзінің кім екендігін, өз халқының мәдениетінің ерекшеліктері неде, адамзат тарихындағы оның орны қандай деп ойланған кезде.

Автор ұлттық идея мен идеологияның өзара байланысының жалпыға бірдейі мен ерекшелігін анықтап, қазақ қоғамын біріктіруде патриотизм рөлінің өсуін көрсетеді.



Қызыл бірінші мамыр Қазақстанда (1901-1945 жж.) [мәтін]: құжаттар мен материалдар жинағы / Н. С. Байгабылов [және басқалар]. - Алма-Ата: Қазақстан, 1989. - 208 бет.



Кеңес дәуірінде 1 Мамыр – еңбекшілердің Халықаралық ынтымақтастығы күні аталған. Сіздердің назарыңызға ұсынылған жинақта 1901-1945 жылдарғы Қазақстандағы 1 Мамырды мерекелеу туралы әңгімеленеді.

Біз тұратын үй [мәтін] = Дом, в котором мы живем / С. К. Жетпысбаев
[және басқалар] - Павлодар: Сытин типографиясы, 2011. - 352 бет.

Павлодар облысында бірлік
нышаны – Достық үйі, бұнда бір
шаңырақ астында 19 этномәдени
бірлестік жұмыс жасауда.
Қазақстан халықтары
Ассамблеясы облыстық
бөлімшесінің қызметі, әр
этностың тарихы, мәдениеті,
салт-дәстүрі туралы осы кітаптан
оқып аласыздар.



Қазақстан халықтары Ассамблеясында кімнің кім екені [мәтін] / ред. Р. М. Бектурганова, Д. К. Асан. - Алматы: «Достық-Дружба» журналы ЖШС, 2005. - т. 1. - 96 бет.: ил.



* 2005 жылы Қазақстан Республикасы халықтары Ассамблеясының 10-жылдығы аталып өтті. Осы кітапты Ассамблеяның аясында шығатын жалғыз жалпыұлттық басылым – «Достық-Дружба» журналының редакциясы басып шығарды. Кітап ұлттық мәдени орталық жетекшілері, Ассамблея бөлімшелері туралы және т.б. мәліметтер береді.

Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері [мәтін] / ред. Р. М. Бектурганова, Д. К. Асан. - Алматы: «Достық-Дружба» журналы ЖШС, 2005. - т. 2. - 112 бет.: ил.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10-жылдығы қарсаңында шыққан кітап бірегей мазмұны мен бейнелік иллюстрацияларымен белгіленді. Авторлар Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері бойынша ең қызықты және бірегей материал жинай алған.

